



## **АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен бірлесе отырып, ҚМДБ-ның дербес мүфтият болып құрылғанына 35 жыл толуына орай 2025 жылдың 28 сәуір күні **«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ: ТАРИХИ ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС»** атты тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылатындығын хабарлаймыз.

**Конференцияның өтетін орны:** Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 73, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

**Конференцияның жұмыс тілі** – қазақ, араб, ағылшын, орыс, түрік.

**Конференция офлайн және онлайн форматында жүреді.**

**Конференцияға** Мысыр, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресей, Түркия, т.б. елдерден зерттеуші ғалымдар, сала мамандары мен сарапшылар шақырылады.

**Конференцияның мақсаты:** Орталық Азиядағы мемлекет пен ислами институттар арасындағы қарым-қатынастың тарихи өзгерістерін зерттеп-зерделеу, туындаған мәселелерді тиімді шешу жолдарын қарастыру.

**Конференцияның міндеті:** Ортағасырлық және қазіргі мемлекеттік билік пен ислам институттарының қарым-қатынас үлгілерін қарастыру:

- зайырлы құқық (заң, заңдар жинағы, әдет-ғұрып, Яса, тұзук, құқық, фикһ және т.б.);

- білім беру мекемелері (сауат ашу мектептері, медресе, кәсіптік мектептер, университеттер және т.б.);

- Исламдағы діни және ғылыми институттар (иджаза, ғұламалар, мударрис, ишан, ахун, шейх-ул-ислам, мүфти, шейх, діни басқарма, қазы әл-әскер, нәкиб әл-ашраф, хахим, мұнажжим, қазы, хатыб, имам, молда, т.б.);

- Дәстүрлі сот жүйелері (сұлтандық, билік, шариғи, халықтық соттар, қазы, мухтасиб, т.б. қызметтері);

- Бюрократиялық аппараттағы ғұламалар;

- Модернизация, Батысқа бағдарлану, реформалау, қоғам құрылымын, интеллектуалды өмірді, ортағасырлық қатынастарды оңтайландыруға бағытталған әрекеттер;

- Дәстүрлі исламды дамытудың ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасын негіздеу

### **Конференцияның пленарлық және секциялық отырыстары:**

#### **Пленарлық отырыс тақырыбы:**

- Орталық Азия елдері мен Қазақстан тарихындағы Билеуші әулеттер тәжірибесіндегі зайырлылық және діндарлық

#### **Секциялық отырыстардың тақырыптары**

- Орталық Азия елдеріндегі ислам дінінің классикалық дәуірі (X-XII ғасырлар)
- Орталық Азия елдеріндегі ислам дінінің Моңғолдардың билігінен кейінгі кезеңі (XIII-XVIII ғасырлар)
- Орталық Азия елдеріндегі ислам дінінің отаршылдық және кеңестік кезеңдері (1731-1991 жылдар)
- Орталық Азиядағы түркі халықтарының Тәуелсіздік кезеңіндегі Ислам діні (1991-2025 жылдар)
- Мемлекет пен дін: бүгінгі стратегия, ұстанымдар.

Конференция материалдары электронды жинақ ретінде PDF форматында жарияланады. Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар қабылданбайды. Мақалалардың мазмұнына авторлар өздері жауапты. Ұйымдастыру комитеті мен редакциялық алқа конференцияға ұсынылған мақалаларды іріктеу және жариялау құқығын өзіне қалдырады.

**Конференцияға ғылыми мақалалар 2025 жылдың 10 сәуіріне дейін ғана қабылданады.**

Конференцияға тіркелу <https://confnmu.kz/> сайты арқылы жүзеге асырылады. Ғылыми мақалалар [gylym@nmu.edu.kz](mailto:gylym@nmu.edu.kz) электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

#### **Ғылыми мақаланың құрылымы:**

- **Андатпа** (150 сөз) қазақ, ағылшын, мақаланың жазылған тілінде.
- **Түйін сөздер:** 5-8 сөз.
- **Кіріспе:** 200-250 сөз.
- Тақырыпты таңдауды дәйекеу және ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеті.
- Ғылыми зерттеудің әдіснамасы.
- **Негізгі бөлім:** зерттеу жұмысының нәтижелері мен талдау.
- **Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

**Мақаланы рәсімдеу үлгісі:**

- **Бет параметрлері:** жоғарғы жағы - 2 см, төменгі жағы - 2 см, сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см.
- **Шрифт:** Times New Roman шрифті; шрифт мөлшері – 12 pt
- Қатар аралық интервал біреу; азат жол - 1 см; кітаптық; колонтитулсіз және бетті көрсетпеу керек; текст көлемі бойынша түзуленген;
- Дәйексөздер мен пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу **APA 7** стиліне сәйкес орындалуы тиіс.
- Файл бірінші автордың аты-жөнімен аталуы керек.
- **Көлемі:** 10-12 бет.

**Ескерту:** Конференцияға қатысушылардың зерттеу мақалалары үш рецензенттің қатаң бағалауынан өтеді. Рецензенттердің оң бағасына ие болған мақалалар ғана конференцияда баяндама жасауға жіберіледі.

Баяндамашылардың мақалалары конференция материалдарының жинағында тегін жарияланады. Конференция материалдары жинағы авторларға электрондық нұсқада беріледі.

Белгіленген мерзімнен кешіктірілген немесе талаптарға сай келмейтін материалдар қарастырылмайды.

**Конференцияға жауапты:**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің  
Ғылым және инновация департаменті

**Қосымша ақпарат үшін:**

e-mail: [gylym@nmu.edu.kz](mailto:gylym@nmu.edu.kz)

**Конференцияға тіркелу үшін төмендегі QR кодты оқытыңыз:**

